


Әлем таныған тұлға

Аудандық орталық кітапхананың оқу залында 1-желтоқсан - Тұңғыш Президент күніне арналған мектеп оқушылары, мұғалімдер, кітапхана оқырмандары арасында «Әлем таныған тұлға» атты портреттік кеш өткізілді.

Кешті кітапхана қызметкерлері «Қолы от көсеген, еңбекпен көсегесі кегерген, Абылай бабасының арманын арқалап, Тәуелсіздіктің көк жебесі болып Нұрсұлтан Назарбаев тарих сахнасына шықты» - деп бастады.



Екі тілде Н. А. Назарбаевтың өмірі мен саяси қызметі, тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуындағы тарихи рөлі, Қазақстан қоғамын жаңарту мен қайта құрудағы зор еңбегі туралы арнайы слайд көрсетіліп, жіті баяндалды.

«Шабьт» клубының мүшелері: Балабиева Әйгерім, Бахриденова Зарина, Азирахмет Әсемгүл, Айткешев Марлен, Боранбеков Еділ Елбасына арналған өлеңдер оқып, көрерменді тәнті етті.

Елбасы сөзін жазған «Үшқорың», «Сарыарқа», «Елім менің», орыс тіліндегі «Мой город» әндерін Мәдениет үйінің қызметкерлері орындады.

Оқу залының кітапханашысы К. Қ. Баймағамбетова «Қазақстанның Тұңғыш Президенті» тақырыбында үш бөлімнен тұратын кітап көрмесіне шолу жасады.

«Өмірі мен қызметі» деп аталған бірінші бөлімде Елбасының өмірбаяны, оқыған жылдары мен еңбек жолының басталуы, ҚР Президентін сайлау және ұлықтау,

халықаралық наградалары мен құрмет атақтары туралы әдебиеттер қойылды.

«Н. Назарбаевтың еңбектері» деп аталған екінші бөлімде Елбасының кітаптары, баяндамалары мен сөздері, жолдаулары мен үндеулері, сұхбаттары мен мақалалары қойылды. Олардың ішінде әр жылдары жарық көрген «Ғасырлар тоғысында», «Тарих толқынында», «Евразия жүрегінде», «Қазақстан жолы», «Сындарлы он жыл» және т. б. кітаптар көрініс тапты.

Үшінші бөлім «Президент туралы толғаулар» деп аталды. Бұл бөлімде Қазақстан жазушыларының ҚР Президенті туралы жазған «Президент пырағы», «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы», «Кемеңгер», «Толғаулар», «Размышление о Лидере» және т. б. кітаптары қойылды.

Аталмыш іс-шараның мақсаты - халқының болашағы үшін адап еңбек сіңіріп жүрген тұлға жайында толығырақ мәлімет беріп, оның еңбектерін дәріптеу еді.

Тұңғыш Президент туралы кеш жерлес ақынымыз Махмет Теміровтің:

... Мен үшін қазақ деген бір-ақ ел бар,
Атанған Қазақстан бір-ақ жер бар.
Көш бастап келе жатқан тар кезеңде,
Қажырлы Нұрсұлтандай асыл ел бар...
(«Сенгеніміз Нұрсұлтан») өлең жолдарымен аяқталды.

С. А. Мұстафина,
орталық кітапхананың оқырмандарға
қызмет көрсету секторының меңгерушісі